

"Қарғалы ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 2 наурыздағы № 404 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 шілдедегі № 51 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 тамызда № 5035 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 123 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 29.12.2023 № 123 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 56 бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарғалы аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 2 наурыздағы № 404 "Қарғалы ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4826 тіркелген, 2016 жылдың 28 сәуірінде аудандық "Қарғалы" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қоса беріліп отырған Қарғалы ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихаттың

сессия төрағасы

Б.Жаржанов

Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Н.Заглядова

үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының басшысының
міндетін атқаруышы

Б.Бисенгалиева

Аудандық мәслихаттың

2016 жылғы 27 шілдедегі

№ 51 шешіміне

1 қосымша

Аудандық мәслихаттың

2016 жылғы 2 наурыздағы

№ 404 шешіміне

1 қосымша

Қарғалы ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары

1. Осы Қарғалы ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 56 бабының, 1 тармағының, 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен үғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарau бойынша Қарғалы ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең тәмен күнкөріс деңгейі – ең тәмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең тәмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қызын жағдай – азаматтың тыныс тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілдегі орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Қарғалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілдегі ұйым – "Азаматтарға арналған ұқімет" мемлекеттік корпорациясы " коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы- "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу отralығы" Департаментінің Қарғалы аудандық бөлімшесі;

9) участекелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтың бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

11) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты – шартты ақшалай көмек алу үшін отбасы атынан әрекет ететін еңбекке қабіледі жеке тұлға мен уәкілдегі орган арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім;

12) шартты ақшалай көмек (бұдан әрі – ШАК) – отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарт талаптары бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан төмен жеке тұлғаларға немесе отбасыларға мемлекет беретін ақшалай нысандағы төлем;

13) осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес отбасыға көмектің жеке жоспары (бұдан әрі – жеке жоспар) – уәкілдегі орган өтініш берушімен бірлесіп әзірлеген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу бойынша іс-шаралар кешені;

14) әлеуметтік бейімдеу шаралары-әлеуметтік ортаның шарттарына қалыптасу мақсатында, қолданыстағы заңнамаларда қарастырылған тәртіппен көрсетілетін, арнаулы әлеуметтік қызметтер, мүгедектерді оңалту қуралдары, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен қарастырылған (тұрғын үй көмегі, жергілікті өкілдегі органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек) әлеуметтік қолдаудың өзге де шаралары.

3. Осы Қағидалар Қарғалы ауданында тұрақты тұратын адамдарға қолданылады.

4. Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына " Қарғалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен және осы Қағидалармен белгіленген тәртіpte көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқаруши орган (бұдан әрі–ЖАО) мүктаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі–алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

9 мамыр – Женіс күні;

қазан айының екінші жексенбісі - Мұгедектер күні.

Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстардың ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері

8. Ай сайынғы әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мұгедектеріне коммуналдық қызметтерге, 8 000 (сегіз мың) теңге мөлшерінде;

2) мұгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу үшін мұгедек балалардың ата-аналарына немесе занды өкілдеріне, білім беру кезеңіне бір мұгедек балаға, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде "Қарғалы аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің берген тізімдеріне сәйкес;

3) аз қамтылған отбасыларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы алатындарға 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш

мөлшерінде "Қарғалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің тізімі негізінде;

4) онкологиялық аурулардан зардап шегетін азаматтарға, адамның иммуножетіспеушілік вирусы инфекциясын жүқтыврандарға және туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын науқастарға, ай сайын ұсынылатын "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қарғалы аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны берген тізімдерге сәйкес, жылына 6 айға дейінгі амбулаториялық ем алу мерзіміне 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Әлеуметтік көмек, егер жоғарыда аталған тұлғалар толық мемлекет қарауында болмаған жағдайда көрсетіледі.

9. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде, не оның мұлкіне зиян келтіру нәтижесінде келтірілген шығындарға байланысты төмендегі мөлшерде әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, 150 000 (жұз елу мың) теңгеге дейінгі шекте;

2) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, 100 000 (жұз мың) теңгеге дейінгі шекте;

3) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына, 80 000 (сексен мың) теңгеге дейінгі шекте;

4) зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға, 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

5) мүгедектерге, оның ішінде он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамдарға, 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

6) саяси қуғын-сұргін құрбандары, саяси қуғын-сұргіндерден зардал шеккен адамдарға, 50 000 (елу мың) теңгеге дейінгі шекте;

7) көп балалы отбасыларға, 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

8) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінің тұлектеріне, 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

9) аз қамтылған азаматтарға, 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

10) онкологиялық аурулардан зардал шегетін азаматтарға, адамның иммуножетіспеушілік вирусы инфекциясын жұқтырғандарға және туберкулездің өртүрлі түрімен ауыратын науқастарға, 80 000 (сексен мың) теңгеге дейінгі шекте

10. Өмірлік қыын жағдайлардағы азаматтарға, әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмектен басқасы, егер жолыққан сәттің алдындағы тоқсанда отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы Ақтөбе облысы бойынша төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінен 1 еседен аспаса әлеуметтік көмек көрсетіледі (кірісі есептелмей әлеуметтік көмек көрсетілетін Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерін қоспағанда).

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне өмірлік қыын жағдай туындаған кезде, әлеуметтік көмек олардың табысын есепке алмай көрсетіледі.

Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаж азаматтардың санаттарының қатарына жатқызу үшін төмендегілер негіздеме болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мұлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) жан басына шаққандағы орташа табыстың, өмірлік қызын жағдай туындауына байланысты біржолғы әлеуметтік көмек тағайындау барысында ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1- еселік мөлшерінен аспауы және әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 0,6 мөлшерінен (күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан) аспайтын болуы негіздеме болып табылады.

11. Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қызын жағдайлар туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініштерді қарau мерзімі:

өмірлік қызын жағдайлар туындаған сәттен бастап алты айдан кеш емес.

12. Атаулы күндер мен мерекелік күндерге табыстарын есепке алмай біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

мамыр – Женіс күніне орай:

1) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне, 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысуышыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысуышыларына

теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына, 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

4) мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатын 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кемінде 6 ай әскери қызмет өткерген және тылда жұмыс жасаған азаматтарға, 15 000 (он бес мың) теңге мөлшерінде;

5) мүгедек деп танылмаған, екінші рет некеге отырмаған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысуышылардың әйелдеріне (куйеулеріне), 25000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде;

6) қайтыс болған ауғандық жауынгерлердің екінші рет некеге отырмаған әйелдеріне, 25000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде;

7) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы мүгедектерге қазан айының екінші жексенбісі - Мүгедектер күніне орай, 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде.

13. Осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес әлеуметтік келісім шарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек, адамның (отбасының) жан басына шаққандағы айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан аспайтын, отбасының еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің (адамның) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің (

адамның) әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісім шартына (одан әрі әлеуметтік келісім шарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек) отырған жағдайда беріледі.

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін, әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмектен басқасын, арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

15. Отбасының әрбір мүшесіне (адамға) арналған әлеуметтік келісімшарт негізінде төленетін әлеуметтік көмектің мөлшері отбасының (адамның) жан басына шаққандағы табысы мен ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайзы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Отбасының құрамы өзгерген жағдайда, сондай-ақ отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартына отыру кезіндегі көрсетілген табыстарды ескере отырып, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуді тоқтатқан жағдайда, ШАҚ мөлшері көрсетілген мән-жайлар орын алған кезден бастап, бірақ оны тағайындаған кезден кейін ғана қайта есептеледі (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушылар табыстарын растамайды, ШАҚ, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін көрсетілген табыстарын ескере отырып тағайындалады.)

3. Әлеуметтік көмекті көрсету тәртібі

16. Атаулы құндер мен мерекелік құндері әлуметтік көмек алушылардан өтініш талап етілмей, аудандық әлеуметтік көмектерді тағайындау және төлеуді қамтамасыз ететін уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың, ЖАО бекіткен тізімі бойынша көрсетіледі.

Азаматтардың кейбір санаттарының әр түрлі атаулы құндер мен мерекелік құндері (санатына байланысты) әлеуметтік көмек алуға құқығы болған жағдайда әлеуметтік көмектің бір түрі көрсетіледі (көлемі бойынша ұлкен).

17. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауылдың округтің әкіміне мынадай құжаттарды қоса жалғай отырып өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігін растайтын құжат;
- 3) осы Қағидалардың 1- қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтер;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер;
- 5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын акті немесе құжаттар;

6) банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк лицензиясы бар ұйымдардағы немесе екінші деңгейлі банктердегі шотының бары жөніндегі анықтама.

18. Осы Қағидалардың 8 тармағының 1), 4) тармақшаларында көрсетілген адамдарға ай сайынғы әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі, 8 тармағының 2) тармақшасы бойынша өтініш жасаған адамдар өтінішке қоса мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) әлеуметтік жағдайын растайтын құжат;

3) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат;

4) мүгедек баланы үйде оқытындығын растайтын анықтама (мүгедек балалар үшін);

5) психолого-медико-педагогикалық кеңестің қорытындысы (мүгедек балалар үшін);

6) банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк лицензиясы бар ұйымдардағы немесе екінші деңгейлі банктердегі шотының бары жөніндегі анықтама.

19. Құжаттарды салыстырып тексеру үшін тұпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, кейін құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

20. Әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу үшін жолықан отбасына (адамға) уәкілетті орган, ауылдық округ әкімі не асистент кеңес беру деңгейінде көмектің көрсету шарттары туралы түсінік береді және отбасының белсенделілігін арттырудың әлеуметтік келісімшартына отыруға келісім берген жағдайда азаматпен, отбасының (азаматтың) мәселесі туралы, оның өмірлік қыын жағдайдан шығу мүмкіншілігі туралы мәліметті анықтайтын әңгімелесу жүргізеді.

Әңгімелесу жүргізу кезінде:

1) үміткердің өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты немесе әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу құқығы;

2) әлеуметтік бейімдеу бойынша көрсетілетін шаралар түрлері;

3) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары айқындалады.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-1 қосымшаға сәйкес әңгімелесу парагы және 1-2 қосымшаларына сәйкес арызданушының отбасы және материалдық жағдайы туралы сауалнама толтырады, оған мынадай құжаттар қоса беріледі;

1) осы Қағидалардың 5- қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат;

3) осы Қағидалардың 1- қосымшасына сәйкес нысан бойынша отбасы құрамы туралы мәліметтер;

4) отбасы мүшесіне (қажет болған кезде) қамқоршылықтың (қорғаншылықтың) белгіленгендігін растайтын құжат;

5) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат немесе мекенжай анықтамасы;

6) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылығының бар - жоғы туралы мәліметтер;

7) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер;

21. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге және әлеуметтік келісім шарт негізінде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекі комиссияға жібереді.

22. Участекі комиссия, құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 2, 3, 10 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүктаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауылдық округ әкімі участекі комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

23. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

24. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

25. Уәкілетті орган участекі комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

26. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

27. Осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап

сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 23 және 24 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

28. Әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек алуға үміткер отбасының (адамның) жан басына шаққандағы орташа табысы, әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген айдың алдындағы үш айдағы алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу арқылы есептеледі және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзім ішінде қайта қаралмайды.

29. Осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

30. Әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзімге беріледі және ай сайын немесе үміткердің өтініші бойынша үш ай үшін бір мезгілде төленеді.

Әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмектің біржолғы сомасы бұрынғы қарыздарды өтеуге, тұратын жылжымайтын мүлік сатып алуға, сондай-ақ сауда саласындағы қызметтерді жүзеге асыруға арналған шығындардан басқа, әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттерді орындауға байланысты іс-шараларға ғана, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға (үй малын, құсын және басқаларын сатып алу), жеке кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға қолданылуы тиіс.

31. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін Қарғалы аудандық мәслихаты белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

32. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау

33. Әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу құқығы айқындалғаннан кейін уәкілетті орган өтініш берушіні және (немесе) оның отбасы мүшелерін отбасыға көмектің жеке жоспарын отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау үшін шақырады.

Бұл ретте осы Қағидалардың 35 тармағында қараптырылған жағдайды және I, II топтағы мүгедектерді, қундізгі оқу бөлімінің оқушыларын, студенттерін, тындаушыларын, курсанттарын және магистранттарын қоспағанда жұмыссыздар мен өзін өзі еңбекпен қамтушылар арасынан үміткерлерді бір жұмыс күні ішінде жұмыспен қамтуудың белсенді шараларына қатысу үшін жұмыспен қамту Орталығына жолдайды немесе Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңында көзделген жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын өзге де шараларға жолдама береді.

34. Отбасының (азаматтың) кәсіптік және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі, аз қамтылған азаматтардың өмір деңгейін көтеру үшін іс-шараларын қамтууды көздейтін жеке жоспар, өтініш берушімен және оның отбасы мүшелерімен бірлесіп жасалады, атап айтқанда:

1) жұмыспен қамту Орталығы және (немесе) уәкілетті органның ықпалымен белсенді түрде жұмыс іздеу, және олардың ұсынған жұмыс орнына жұмысқа орналасу;

2) кәсіби даярлықтан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан өту;

3) жеке кәсіпкерлік қызметін дамыту, жеке қосалқы щаруашылығын жүргізу;

4) халықтың мақсатты топтарына кезеңдік скринингтік тексеруден өтуге;

5) отбасы құрамында жүкті әйелдердің болғаны жағдайында, жүктіліктің 12 аптасына дейін әйелдер консультациясына тіркеуге тұру және жүктіліктің барлық кезеңінде бақылауда болу;

6) әлеуметтік мәні бар аурулары (маскүнемдік, нашақорлық, туберкулез) болған жағдайда ерікті емделуге;

7) мүгедектерді оңалту шараларын және (немесе) арнайы әлеуметтік қызметтерді уақытылы алуға;

8) аз қамтылған отбасының (азаматтың) жеке қажеттілігіне орай уәкілетті органның шешімі бойынша анықталған басқа да кәсіби және әлеуметтік бейімдеу .

35. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің шараларына қатысу отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін міндетті шарт болып табылады, келесі жағдайларды қоспағанда: стационарлық, амбулаторлық емделу (тиісті медициналық ұйымдардан растайтын құжаттар ұсынған кезде) кезеңінде; жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын негізгі

Үміткерден (үміткерлерден) басқа, адамдардың жеті жасқа дейінгі балаға, он сегіз жасқа толмаған мүгедек балаға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, сексен жастан асқан қарттарға.

36. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты алты айға, бірақ отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған және (немесе) отбасының енбекке қабілетті мүшелері қасіптік оқуын аяқтамаған және (немесе) жастар практикасынан өткен және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған жағдайда бір жылдан асырмай тағы алты айға ұзарту мүмкіндігімен жасалады.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты ұзартылған жағдайда, әлеуметтік көмектің мөлшері қайта қаралмайды.

37. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты екі данада жасалады, оның біреуі өтініш берушіге тіркеу журналына қол қойғызып беріледі, екіншісі – уәкілетті органда сақталады.

38. Отбасының белсенділігін арттыру бойынша әлеуметтік келісімшарттағы міндеттердің орындалуына мониторингті оны жасаған мекеме жүргізеді.

39. Уәкілетті орган отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарттың барлық мерзіміне сүйемелден отырады және жеке жоспардың орындалуын қадағалайды, сондай-ақ оның тиімділігіне бағалау жүргізеді.

5. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

40. Әлеуметтік көмек келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы Қарғалы ауданы аумағынан тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталғанда.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

41. Бұл ретте дәйексіз мәліметтерді келтіріп заңсыз әлеуметтік көмек тағайындауға әкелгені анықталған жағдайда, әлеметтік көмек төлеу тағайындалған тұлғаға (отбасына) белгіленген кезеңге тоқтатылады. Артық төленген сомалар ерікті қайтаруға жатады, бас тартқан жағдайда- сот арқылы.

6. Қорытынды ереже

42. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің немесе "Әлеуметтік көмек"

автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізіледі.

Аудандық мәслихаттың

2016 жылғы 27 шілдедегі

№ 51 шешіміне

2 қосымша

Аудандық мәслихаттың

2016 жылғы 2 наурыздағы

№ 404 шешіміне

1 қосымша

Отбасының тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты) (үйінің мекенжайы, телефоны)

№	Жеке сәйкестендіру нөмірі	О т б а с ы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туган жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____

Отбасы құрамы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты _____

(қолы)

Аудандық мәслихаттың

2016 жылғы 27 шілдедегі

№ 51 шешіміне

3 қосымша

Аудандық мәслихаттың

2016 жылғы 2 наурыздағы

№ 404 шешіміне

1-1 қосымша

Шартты ақшалай көмек алуға қатысуға арналған әңгімелесу парағы

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты _____

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының тегі, аты
, әкесінің аты _____

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде шартты ақшалай көмек алуға жүргінген күн _____

Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың) сипаттамасы: _____

Отбасы мүшелері	Кесібі	Соңғы жұмыс орны, жұмыстан шығу себептері	Жалпы жұмыс өтілі	Соңғы жұмыс орнындағы жұмыс өтілі	Еңбек дағдылары мен шеберлігі	Жұмыссыздық кезеңінің үзақтығы
Өтініш беруші						
Зайыбы (жұбайы)	(
Басқа ересектер						

Еңбек қызметінің мүмкіндіктері (пікір):

Өтініш беруші: _____

Зайыбы

(жұбайы): _____

Отбасының басқа да ересек мүшелері: _____

Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас _____

Отбасындағы қындықтар _____

Отбасының мүмкіндіктері (әлеуеті) – жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының бағасы _____

Проблемалар.(бұғаңгі.күннің.қындықтары) _____

Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың (ша) қалауы _____

Басқа _____

Тараптардың қолы

Жұмыспен қамту және әлеуметтік Қатысушы (лар)
бағдарламалар бөлімі

_____ (қолы)
_____ (құні)

_____ (қолы)
_____ (құні)

Аудандық мәслихаттың

2016 жылғы 27 шілдедегі

№ 51 шешіміне

4 қосымша

Аудандық мәслихаттың

2016 жылғы 2 наурыздағы

№ 404 шешіміне

1-2 қосымша

Шартты ақшалай көмек алуға арналған өтініш берушінің отбасылық және
материалдық жағдайы туралы

сауалнама

Бір мекенжай бойынша тіркелген өтініш беруші мен отбасы мүшелері туралы мәліметтер:

		Негізгі қызметі (жұмыс істеуші, жұмыс істейтін зейнеткер, жасына байланысты зейнеткер,	Жұмыс істейтін адамдар үшін жұмыс орны және	15 жастан асқан адамдар үшін
--	--	---	--	---------------------------------------

Тегі, аты, экесінің аты	Тұған күні	Тұыстық қатынасы	мүгедек, жұмыссыз, бала күтімі бойынша демалыста, үй шаруасындағы әйел, студент, окушы, мектеп жасына дейінгі бала)	лауазымы, окушылар үшін қазіргі уақыттағы оку орны	білімі (растайтын құжаты бар білімі)
		Өтініш беруші			

Басқа мекенжай бойынша тіркелген отбасы мүшелері туралы мәліметтер (зайыбы/жұбайы, кәмелеттік жасқа толмаған балалары)

Мектеп жасына дейінгі балалар мектепке дейінгі ұйымға бара ма _____

Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің шартты ақшалай көмек алуға өтініш берген айдың алдындағы 3 айдағы табыстары туралы мәліметтер (табыстың барынша дәл санын жазыңыз). Ақпараттық жүйелерден алғынған деректер шартты ақшалай көмек сомасын есептеу үшін негіз болып табылады.

